

**"Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 299 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 266-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32981 болып тіркелді

"Күқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 299 бұйрығының (Нормативтік күқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19297 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрі

Д. Қыдырәлі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК